

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1777>

***Ы. Б. Шақаман**

Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ORCID: <https://orcid.org/000-0001-9554-4761>

*e-mail: raya-s7@mail.ru

СЕПТІК БІРЛІКТЕРІНІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ (АТАЛЫМ ЖАСАМ) ҚЫЗМЕТІ

Мақалада қазақ тілі септік жалғауларының сөзжасамдық, атап айтқанда, аталым жасам қызметі сөз болады. Жалғаулар, оның ішінде септік жалғаулар тұлғажасамдық және байланыстыру қызметімен ерекшеленеді. Септік жалғауларының байланыстыру, басқа да синтаксистік қызметі туралы грамматикада жан-жақты қарастырылғанмен, олардың сөзжасамдық, аталым жасам мәнінің зерттелу аясы тар. Осыған байланысты мақалада септік бірліктерінің сөз, сөйлем байланыстырудан бөлек қолданыстық мағыналарының туындауы және сол мағыналардың болуы жалғанатын сөзіне байланысты шығатыны туралы мәселе қаралады. Мақалалық зерттеу нәтижесінде септік жалғауларының негізгі мағынадан тыс түрлі қолданыстық мағынасы сөздердің лексикалық ұғымына да тәуелді екені байқалды; септік бірліктерінің түрлі қолданыстық ерекшелігінен олардың сөзжасамдық қызметі, аталымдық мәні айқындалды. Септіктердің нөлдік қолданысы аталым жасауда негіз болатыны көрінді. Олардың нөлдік қолданысынан дара аталым, күрделі тіркесті сөздер туындайтыны туралы тұжырым жасалды. Бұл атау, ілік, табыс, шығыс септіктерінде анықталды. Нөлдік тұлғада қолданылмайтын немесе сирек қолданылатын септік түрлері қазақ тілінің құрмалас сөйлем түрін жасауға негіз болады. Мұндай ерекшелік жатыс пен көмектес септігіне тән екені нақтыланды. Сондай-ақ жатыс пен шығыс септігінің үстеу жасау ерекшеліктері белгілі сөйлем ішінде шартты түрде ғана жүзеге асатыны түсіндірілді. Екі септіктің көмегімен түбегейлі үстеуге айналу көне түбір сөздерге қатысты болатыны айқындалды.

Кілтті сөздер: септіктер, қолданыстық мағына, нөлдік тұлға, сөзжасамдық қызмет, аталымдық мән.

Кіріспе

Тіл ғылымында сөздердің, сөзжасамдық қосымшалардың қолданысы мен мағыналық ерекшелігі жан-жақты қаралғаны белгілі. Әр сөз табына қатысты сөзжасамдық қосымшалардың жіктемесі, аталым жасауы сөзжасам туралы еңбектерде терең қарастырылған [1, 2-б.]. Ал жалғау түрлерінің қызметтік, қолданыстық ерекшелігі туралы грамматикада айтылғанмен, олардың сөзжасамдық, аталым жасам мәні туралы еңбектер кездеспейді. Кез келген қосымшаның сөзжасамдықтан бөлек тұлғажасамдық мәні бар, сондықтан сөзжасам саласында тұлғажасамдық ерекшеліктер де зерттеу нысанына түсуі тиіс, өйткені тұлғалық өзгерістің өзі сөздің мәніне әсерін тигізеді және түбегейлі лексикалық мағыналық өзгеріс болмаса да, тұлғажасам кейде жеке сөз ретінде сөз құрамын толықтырады.

Аталым теориясы – жеке парадигма құрайтын өзіндік категория. Аталым кең мағынада зат-құбылыстың белгілі бір жүйеге не категориялық сипатқа ие болуы арқылы тұжырымдалған нақты лексемалық (тілдік) бірлікпен аталуы дегенді білдіреді. Бұл мәселе іштей салалық бағытта жіктеуге түседі. Аталымды тіл ғылымындағы *аталым, онамастикадағы аталым, мәдениеттанудағы аталым, топонимикалық аталым*, т.б. түрге бөлуге болады. Бұлардың бәрі тіл ғылымында талданып, қаралатыны сөзсіз. Тіл білімінде тілдік аталым, лексикалық немесе сөзжасамдық аталым, стильдік аталым түрі де бар. Бәрінің негізінде тіл ғылымы ұстанымдары, тілдік категория негізі, қажетті тілдік бірлікті орынды қолдану, нысанға, зат-құбылысқа атау беруде тұлға мен ұғым-мазмұнның сәйкестігі, ішкі байланысы назарға алынып, зерделенеді. Аталым жасамда тілдік бірліктердің грамматикалық қолданысы маңызды орын алады, грамматика олардың үйлесімді болуын, аталымның жинақы, нақты, жұп-жұмыр болып, сәтті шығуын жүзеге асырады.

Ғылыми грамматика сөздердің белгілі бір тілдік бірліктер көмегімен аталымға түсуін ғылыми тұрғыда негіздейді. Біздің қарастыратынымыз – морфологиялық құрылымдағы тілдік аталымдар. Осыған байланысты септік бірліктерінің аталым жасау мәнін көрсету, қолданыс мағыналарын түсіндіру, нөлдік қолданыстан шығатын аталымдық қызметін таныту қажеттілігі туындады. Мақаланың мақсаты септік бірліктерінің сөзжасамдық, оның ішінде аталым жасам қызметін таныту болып отыр.

Материалдар мен әдістері

Мақалада қазақ тілі септік бірліктерінің аталым жасау қызметін ашатын күнделікті қолданыстағы лексемалар, халық тіліндегі қолданыстар мысалдық дерек ретінде негізге алынды. Септік бірліктерінің қолданыстық сөзжасам, қолданыстық аталым қызметін ашу үшін грамматикалық сипаттау, морфемдік талдау, контекстік талдау, жинақтау, жалпылау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ тілі септік жалғауларының грамматикалық сипатын беру, зерттелуі мен жалғану ретін, қолданылу орнын, жалғанатын сөздері, пайда болу тарихы туралы мәселелер морфология, синтаксис бағытында еңбек жазған тілші ғалымның бәрінде (А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, Ы. Маманов, С. Исаев, Н. Оралбай, т.б.) зерттеу тақырыптарына қарай әр қырынан қарастырылған.

Қазақ тіліндегі аталым теориясы мәселесі де қазақ тілінің түрлі бағытындағы ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Ғалымдар Л. Жаналина, Б. Қасым, т.б. еңбектерінде аталым жасам үдерісі, терминдік, күрделі сөздер, уәждік, т.б. белгілері; шетелдік ғалым Дж. Лакофф, М. Джонсон зерттеуінде аталымның метафора болуы туралы теориялық тұжырым жасалған, олар аталымға қатысты танымдық, мағыналық, ұғымдық тұрғысынан негіздеме жасады.

Қазақ тілі септік жалғауларының өзіндік мәні, қызметі ауызшадан гөрі жазбаша тілдік құрылымда айқын көрінеді. Әр септік жалғауы өз атауына қарай сөзге жалғанып, грамматикалық мағына үстеу кезінде логикалық, дерексіз ой туғызады, сөйлем мәнін құрылымдық жағынан арттыра түседі, тіпті жалғаулардың грамматикалық мағына үстеуінде жалғанатын сөздің де әсері болады, кей септік жалғауы сөзжасамдық қызмет атқарады, қолданғыстық аталым береді. Олардың аталым жасауы онамастикалық аталымды емес, тілдік, сөзжасамдық аталымды беруде ықпалы зор.

Аталымды тек заттық атауға қатысты деп бір жақты түсінбеу керек. Адам танымынан санада ұғым шоғырланып, одан туындайтын тілдік құрылым, тілдік бірлік атау болып табылады. Сондай ерекшелікпен септіктер де танылады. Септіктердің нөлдік қызметі, қолданыстық ерекшелігі туралы шетелдік зерттеулерде де айтылады. Зерттеуші М. Х. Бухорова «... Номинативная функция языка служит не просто для ориентации человека в пространстве и времени, она идет рука об руку с функцией познавательной, она участвует в процессе познания мира» [3, 63-б.] – деп, кез келген тілдік бірлік атау екенін түсіндіреді.

Атау септігінің аталым қызметі. Атау – сөздерді атап көрсететін септік, ол басқа септіктерге негіз септік емес. Осы мәселеде шатастыру кездесіп жатады. Бұл септік жеке дербес сөзді қабылдап, сөздің тұлғалық сипатын ұстап тұрады, ал жалғауы – нөлдік тұлға. Ол сөзді тек атап көрсетіп, екі сұрағымен грамматикалық септік болады. Мысалы: *Студенттер үйірме жұмысына белсене қатысады. Жақсы ісімен жақсы. Төртеу тату болса, төбедегі келеді. Жиналысқа келгендер* – мұғалімдер сөйлемдерінде «кім?» деген сұраққа адамзаттық есім, заттанған сын есім, жинақтау сан есімі, есімшелі сөздер жауап беріп тұр. Бәрінде грамматикалық мағына – аталымдық.

Жалпы зат есімнің түбір тұлғасы мен атау септіктегі тұлғасы бір болып саналмайтыны туралы ғалым С.Исаев дәлелді тұжырым берген: «Атау септігінің өзіне тән арнайы грамматикалық формасы болмағанмен, зат есімнің түбір тұлғасынан өзгеше болып келетін, басқа септік түрлері білдіретіндей арнайы грамматикалық мағынасы бар, ол формасыз ... семантикалық мән және синтаксистік қызмет атқарады, сөз бен сөзді байланыстыруға қатысады» [4, 84-б.] – деп түсіндіріп, атау септік болмаса, қиысу да, бастауыш та болмас еді дегенді астарлап өтеді. Бұл арада ғалым астарлы грамматика негізін де жеткізіп отыр. Атау септіктің нөлдік мәні сөздердің түбір тұлғасына, олар атау септігіне түскенде, табылады.

Тілде атау септігі тұлғасында тұрған сияқты сөз қолданысы көп. Содан қателесу туындап, олар «атау септікті сөздер» деп талданады. Соның бірі – жіктік жалғаудың 3-жақ нөлдік тұлғасындағы сөздер. Дұрысында, 3-жақта жіктелген нөлдік тұлғадағы сөздер қимыл иесінің кім екенін білдіріп, баяндауыш болады: *Ол – студент. Жиналысқа келгендер – мұғалімдер сөйлемдерінде «ол, келгендер»* атау септігіндегі сөздер болса, *«студент, мұғалімдер»* – жіктік жалғаудың нөлдік тұлғасындағы сөздер болып табылады.

Сонымен қатар **атаулы сөйлемді** де сөйлем мүшесіне талдағанда, бастауыш деп шатастыру кездеседі. Атаулы сөйлем атау септігіндегі сөйлем мүшесі емес, баяндауыш қызметіндегі бірлік болады. Мысалы: **Кеу.** *Сағат – түнгі он* дегендегі **«Кеу»** атаулы сөйлемі 3-жақта нөлдік тұлғадағы баяндауыш болады. Оның бастауышы *бұл (ол)* жасырын қолданыста тұрады: *Бұл – кеу.* Сондықтан атаулы сөйлем ешқашан атау септікті сөз болып саналмайды. Осы арада ғалым А. Байтұрсыновтың есім баяндауышқа қатысты пікірін негізге алу жөн. Ол «түбін қазып, қарастырып келгенде, баяндауыш болған жерде етістік бар екені даусыз болып шығады» [5, 172-б.] – деп, қазіргі қолданыстағы есім баяндауыштың болуы ықшамдылық заңдылығынан туындаған шартты атау екеніне көзімізді жеткізеді. Кез келген есім баяндауышты «болу» етістігімен тіркестіру арқылы оның күрделі етістік болып шығатынын көруге болады: *Бұл – кеу/Бұл кеу болады.* Қазір мұндай қолданыс тілімізде сақталмаған. Басқа халықпен аралас-құраласудан сөйлеуде де өзгеріс пайда болады. Сондай әсерден үнем қағидасы туындап, жазба тілде ықшамдылық заңдылығы қалыптасады.

Ілік септігінің нөлдік (аталым жасам) қызметі. Ілік септік жалғауы (*Кімнің? Ненің?; -ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің*) тәуелдік жалғаулы сөзбен байланыста болатыны белгілі. Грамматикалық мағынасы – иелік. Мысалы: *баланың ойыншығы, анамның білезігі, әкемнің үйі; үйдің кілті*, т.б. Көрсетілген тіркестерде таза иелік мағына бар. Ілік септігінің қосымша бірнеше қолданыстық мағынасын ғалым С. Исаев нақты талдап көрсеткен:

органикалық, табиғи байланыстық иелік мағына; туыстық, жақындық қатынастағы иелік мағына; заттың бөлігіне қатысты иелік мағына; сапалық иелік мағына; сандық иелік мағына; заттың артықшылығына қатысты иелік мағына [3, 86-б.].

Ілік септік жалғауы ашық қолданылғанда, анықтауыштық қызметі нақты болады; *баланың ойыншығы, үстелдің тартпасы*. Жалғауы нөлдік тұлғаға түскенде, анықтауыштық қызметі «жойылады»: *мектеп директоры, су беті*, т.б. Осылайша ілік септігі нөлдік болғанда, тәуелді тіркесті сөз күрделі аталымға айналады. Яғни іліктің нөлдік қолданысы аталым жасау қабілетіне ие. Дерексіз не жалпылық сипаттағы сөз іліктік нөлдік тұлғамен түрленіп, күрделі тіркестік аталым пайда болады: *мемлекет қайраткері, мемлекет қаржысы, жарнама агенттігі*, т.б. Сөйтіп аталым жасау іліктің жасырын қолданысында ғана жүзеге асады. Іліктің нөлдік қызметі нәтижесінде термин, жай және күрделі тіркесті аталым туындайды.: *ғарыш кемесі, білім басқармасы, қой еті, оқу бөлімі, қан қысымы, Нәзік кафесі*, т.б. *Павлодар (-дың) технологиялық колледжі*, т.б. Осы ерекшелікке қатысты ғалым Ы. Маманов: «В определенном словосочитании ілік септік употребляется и без аффикаса (в нулевой форме). Таким образом словосочитание становится устойчивым, между определением и определяемым членом нельзя поставить другие слова» [6, 281-282-б.] – деп анықтама беріп, сол арқылы нөлдік тұлғалы ілік септікті тіркестің тұтас бір лексема, аталымға айналатынын көреміз. Ілік септігінің нөлдік тұлғасы ***иелік қатыстық, иелік дерексіздік, жалпы атаулық мағыналарын*** білдіреді. Ілік септігі жалғауының ашық, жасырын қолданысы ой екпініне қатысты. Егер ой екпіні ілік септікті сөзге емес, тәуелдік жалғаулы сөзбен бірге жалпы түссе, ілік септік жасырын айтылып, сөз нөлдік тұлғаға айналады. Синтаксистік қызметі бойынша ілік септігі (ашық-жасырын) тәуелдік жалғауымен тұтастықта, соның ыңғайына қарай, түрлі сөйлем мүшесі болады.

Барыс септігінің сөзжасамдық қызметі. Барыстың (*Кімге?Неге? Қайда?; -ға/-ге, -қа/-ке, тәуелдік жалғаудан соң: -на/-не, -а/-е*) үстейтін мағынасы – бағыттық, бағыттық-мекендік. Мысалы: ***Сөз тапқанға қолқа жоқ. Өнерлі өрге жүзеді. От басында бүкір шал. Тірлігіне шүкір шал*** (Жұмбақ). Барыс септігінің де түрлі қолданыстық мағынасы ғалымдар тарапынан талданғаны сөзсіз. Мәселен, С. Исаев Барыс септігінің қолданысын 7 түрге бөліп талдаған [3, 3-б.]. С. Аманжолов барыс септік жалғауының тік мағыналы және көлденең мағыналы қолданысын ашқан. Тік мағыналыны – 8 түрге, көлденең мағыналыны 6 түрге жіктеген [7, 228-229-б.]. Ғалымның тік және көлденең мағына дегені – Барыс септігінің «*Кімге?Неге? Қайда?*» сұрақтарына байланысты айтылған тұжырым. Көлденең мағынаны білдіретіндер «*Қайда?*» деген сұраққа жауап береді.

Барыс септігінің сөзжасамдық қызметі көмекші есімдерге, кей сындық сөзге жалғануда танылады, бірақ барыс тұлғалы көмекші есімдертек сөйлем ішінде үстеу-пысықтауыш болады: *алдыға, артқа, үстіге кешке, жатқа, бекерге*, т.б. Көп ғалым осы құбылысты нақты үстеу деп түсіндіреді. Бұларды барыс септігінің нақты сөзжасамдық қызметі деу қиын, өйткені бұлар біржола үстеуге айналып тұрған жоқ, тек осы септікте түрленіп, қимыл сын пысықтауыш болады. Барыстың туынды үстеу жасауы үш сөзде нақты көрінеді: *текке, бірге, босқа*. Оның нөлдік қолданысы ежелден қалыптасқан екі тұрақты тіркесті біріккен аталымдық сөзге айналдырады: *бойжеткен; ержеткен*; яғни «*бой(ға) жету, ер(ге) жету*») тұрақты тіркестері тарихи жымдасып, тұтас күрделі сөз болып, жеке аталым болып қолданылады.

Барыс септігі адамзаттық, ғаламзаттық сұрақпен (*Кімге? Неге?*), кеңістік сұрағымен (*Қайда?*) көлемдік септік саналып, жанама толықтауыш, мекен пысықтауыш болады.

Табыс септігінің аталым жасам қызметі. Грамматикалық септік болып табылатын Табыс септігі (*Кімді? Нені?*; *-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, тәуелдік жалғаудан соң – -н*) адамзаттық, ғаламзаттық сөздерді белгілеп, тура толықтауышқа түсіреді. Оның аталымдық қызметі жалғауының нөлдік қолданысынан туындайды. Жалпы ұғымдық етістікпен тіркескен зат есім, заттанған сөздер Табыстың нөлдік тұлғасын иеленгенде, етістікпен тұтасып, күрделі тіркес сыңарына айналып, *күрделі аталым – құранды етістік* – жасалады: *қызмет ету, ән айту, сөз салу, жұмыс істеу*, т.б. Осылайшы бұл септік түрі күрделі етістік түрін тудырады. Мұндай кезде табыс тұлғалы сөз тіркескен етістігімен тұтасып, қолданысына қарай кейде күрделі пысықтауыш, күрделі баяндауыш болып қызмет атқарады: *Батыр мың қол бастайды. Шешен тар жерде сөз бастайды* (Мақал).

Табыс септігінің нөлдік тұлғада болуы сөздің белгісіздік мағынада жұмсалыуымен, етістікпен іргелес келуімен байланысты келеді. Бұл кезде табыс септікті нөлдік тұлға стильдік мақсатта ықшамдалып та жұмсалады. Табыстың нөлдік тұлғалы сөзінің көмекші етістікпен тіркесі қолданыста жиі кездеседі: *дәм тату, көз салу, жұмыс істеу, сөз тапқанға қолқа жоқ*, т.б. Осы тәрізді тіркестер мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да жымдасып жасалған жеке лексема саналады.

Жатыс септігінің сөзжасамдық қызметі. Жатыс септік жалғауының (*-да/-да, -та/-та, тәуелдік жалғаудан соң – -нда*) үстейтін грамматикалық мағынасы – мекендік, мезгілдік. *Кімде? Неде? Қайда? Қашан?* сұрақтарымен көлемдік септік болады. Жатыс септігі көне септік саналады. Кезінде жатыс септік жалғауы қимыл орнын, мезгілдік мағынамен қатар бағытты, жалпы көлемдік мәнді білдіріп, барыс, шығыс септігінің орнына қолданылған [3]. Оның «Қайда?» сұрағының болуы, мекендік мағына білдіруі де осы

себепке негізделеді: *Аулыңда қартың болса, жазып қойған хаттай болар (Мақал)*. *Қашан?* сұрағымен туындайтын мезгілдік мәні мезгіл есім сөздерге жалғануына байланысты. Сол сөздерде **мезгілдік мән** әуелден бар болғандықтан, жатыс септік жалғауы ол мәнді бекіте түседі. Мысалы: *Жарық түнде жолдасың қараңғыда қорқады (Жұмбақ)* сөйлемінде «түн» мезгілдік мәнді зат есім, жатыс қосымшасының жалғануымен «Қашан?» сұрағына жауап беріп тұр; **«қараңғыда»** сөзінде (заттанған сын есім) жатыс септіктің болуы «түн» сөзінің (қараңғы түнде) ығыстырылуына байланысты. Ғалым Н. Оралбай жатыс жалғауының заттық, сындық мәнді сөздерге жалғануда үстеуге айналуы туралы айтады: баяғыда, күнде [1, 158]. Бұл жалғау үстеудің өзін түрлендіреді, яғни қимыл сын үстеуіне жалғанып, оны мезгіл мәнді үстеуге айналдырады: *аңдаусыз(да), қаға беріс(те), қапы(да)*, т.б. Жатыс септіктің сөзге кірігіп, көне үстеу жасауы жиі кездеседі: *оқ(та)-тек(те), лез(де), т.б.* Бұлар нақты туынды үстеу болады, олардың түбірін де ажырату қиын.

Жатыс септік жалғауының өзіндік ерекшелігі – сындық жұрнақты қабылдауы. Мекеннің нақты орнын сындық сипатта көрсету үшін сындық **-ғы/-гі, -қы/-кі** жұрнағы жағыстан кейін жалғанады: *қоғамдағы жағдай, көшедегі жазу, мектептегі көрініс*, т.б. Сөйтіп әрекеттің мекендік сипаты сындық сипатқа айналады. Сындық жұрнақтың жалғануы оның мекендік мәнді білдіруіне байланысты болып отыр.

Жатыс септіктің сөйлем құру қызметі де бар; екі жай сөйлемді байланыстырып, **құрмалас сөйлемнің құрылуына** себепкер болады. Сөйтіп мезгіл мәнді бағыныңқылы, шартты-мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем негізін беріп, бірінші жай сөйлемнің байланыстырушы баяндауышы болады: *Далаға шыққанымда, күн аптап ысқытық еді. Жұмыс ертерек басталғанда, қызметшілер де тез үлгерер еді.* 1-құрмалас сөйлемде алғашқы жай сөйлемде шыққанымда баяндауыш болып, мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрылған. Мұнда жатыс жалғауы мезгіл мәнді «кезім» деген сөзге жалғануы тиіс еді, бірақ ықшамдалық заңдылығымен тәуелденген «шыққаным» деген есімшеге тікелей жалғанған. 2-құрмалас сөйлемде есімшелі етістікке жалғанып, шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрып, 1-жай сөйлемнің баяндауышы болу арқылы 2-жай сөйлемнің шартын түсіндіріп тұр.

Жатыс септігінің басқа септіктен тағы бір ерекшелігі – тікелей жіктеліп қолданылуы. Бұл белгі де оның мекендік орнын білдіруімен байланысты, сондықтан ол сөйлем аяқтайтын тұлғалық көрсеткіш саналады. Өзінен кейін үш жақта жіктік жалғау жалғап, сөздерді баяндауыш етеді: *Мен оқудамын. Ол оқуда.* Қазіргі уақытта баспасөз беттерінде, тілші жүргізушілердің ауыз екі сөйлеуінде 3-жақтағы қолданыс басым орын ала бастады. Мысалы:

Көтерілген мәселеге қатысты қызу талқылау жүруде. Сөйлем әдеби тіл ережесі бойынша «... жүріп жатыр» деп аяқталуы тиіс еді. Бірақ БАҚ-та ақпарат көбінесе орыс тілінен аударылып берілетіндіктен, осындай қолданыс жиі орын ала бастады.

Жатыс септіктің нөлдік қолданысы мезгіл мәнді сөздерге қатысты жағдайда көрінеді. Мысалы *Алтыбақан жаз... ойналады. Қыс... киетін киімді жаз... дайында.* Жатыс септігі де заттанған барлық сөзге жалғана береді. Ол көлемдік септік болғандықтан, кеңістік сипатын ашады. Сөйлемде, негізінен, мекен, мезгіл пысықтауыш; жіктелсе, баяндауыш болады.

Шығыс септігінің сөзжасамдық қызметі. Шығыс септігінің (*Кімнен? Неден? Қайдан?; -нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен*) мағынасы – *қимылдың, әрекеттің мекендік басталу, шығу* орнын білдіру. Зат есімге, заттанған сөздерге жалғанады: *қала-дан, анам-нан, үй-ден, мектебім-нен* т.б. Шығыс септік қимылдың шығу орнын білдірсе де, жалғанатын сөзінің лексикалық мағынасына қарай қимылдың түрлі қолданыстық мәнін жеткізеді. Ғалым С. Исаев осы бірліктің бірнеше қолданысын көрсеткен [3, 90-б.].

Ғалым С. Аманжолов шығыс септігінің тік және көлденең мағына түрлерін танытқан. Тік қолданыстағы мағынасын – 13 түрге, көлденең қолданыстық мағынасын 8 түрге жіктеген. Ғалымның тік мағына деп отырғаны осы септіктің «Кімнен? Неден?» сұрақтарына жауап беретін бірліктер мағынасы болса, «Қайдан? Қалай?» сұрақтарына жауап беретін бірліктер мағынасын көлденең мағына деп береді. 13 түрге жататын қолданыстық тік мағынасына жоғарыда С. Исаев атаған мағыналармен үндес келеді [7, 234-б.]. С. Аманжоловтың көлденең мағына деу себебі шығыс септігінің нақты адамның, заттың өзінен тікелей туындайтын әрекет сипаты емес, кеңістіктік сипатқа, дерексіздік әрекетке қатысты болатын қимыл мәнін білдіруіне қатысты шыққан.

Шығыс септігінің де сөзжасамдық ерекшелігі бар. Бірақ тек сөйлем ішінде ғана сөздерді үстеуге айналдырғандай болады, атап айтқанда, зат есім, заттанған сөздер тек нақты бір сөйлем ішінде ғана «адвербиалданады». Мысалы: *Ол жүгіріп алдынан шықты. Бұл дәстүр баяғыдан келе жатыр. Атасын сөзді келтесінен тыйды,* т.б. Шығыс жалғаудың тұрақты үстеу жасауы тек үш сөзде анық көрінеді: *шалқасынан, етбетінен, әуелден.*

Шығыс септік жалғауы нөлдік тұлғада болғанда, күрделі тіркес жасалады. Сөз шығыс септігінің нөлдік тұлғасымен келіп, «асу» етістігімен тіркескенде, күрделі етістік туындайды: *қыр(дан) асу, бел(ден) асу, тау(дан) асу,* т.б. Жалпы Шығыс септіктегі сөздер сұрағына қарай түрлі сөйлем мүшесі болады. «Кімнен? Неден?» деген сұраққа жауап беруіне қарай жанама толықтауыш, «Қайдан?» сұрағына жауап беретін сөз мекен пысықтауыш бол

ды: 1. Бала тәрбиесі **ата-анадан** бастау алады. 2. Ол **көліктен** түсті.

3. Қаладан кеше келді.

Көмектес септік сөзжасамдық қызметі. Көмектес септіктің (*Кіммен? Немен? Қалай?*; *-мен/-бен, -пенб(-менен/-бенен,-пенен)*) грамматикалық мағынасы – құралдық, көмекшілік мағына. Мысалы: *гүлмен құттықтау; көзбен көру; отпен ойнау, жолмен жүру*; т.б. Бұл септік те бірнеше қолданыстық мағынаға ие: ортақ қатыстық мағына, қимыл амалын білдіруі (*ынтамен оқу*); әрекеттік мақсат (*жұмыспен келу*); қимыл себебі (*сөйлеумен естімей қалу*). Ғалым С. Аманжолов бұл септіктің 6 қолданыстық мағынасын көрсетеді [7, 235-б.]. Қызметіне қарап, С. Аманжолов оны «Құралды септік» деп атаған.

Көмектес септікті сөздер сөйлемде жанама толықтауыш, қимыл сын пысықтауыш қызметін атқарады: *Атаммен бірге ауылға кетті; Шөпті шалғымен шапты*. Көмектес септік дерексіз, заттанған сөзбен келгенде, қимыл сын пысықтауыш не мезгіл пысықтауыш қызметінде де болады: *Ағаштық арасымен өту қиын болды. Жолға ертемен шықты*. Көмектес септіктің аталым жасау ерекшелігі жоқ, бірақ құрмалас сөйлем түрін құруға дәнекер болады. Көмектес септік құрмаластың 1-жай сөйлемінің есімшелі баяндауышына жалғанғанда, қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем туындайды. *Күн ыстық болғанмен, жел соғып тұр*. Сөйлемде 1-жай сөйлемнің баяндауышы (*болғанмен*) есімшелі етістіктің көмектес септігімен келіп, 2-жай сөйлемге қарсылықты ұғым береді.

Жинақтай, айтқанда, септіктер сөздерді тек байланыстырып қоймай, ойды нақты, толық жеткізуге себепкер болып, қатынасты білдіреді. Ғалым С. Аманжоловтың: «Септік жалғаулары тек жалғау үшін жүрген жоқ, олар сөз бен сөз арасындағы мағынаны ашады» [7, 235-б.] – деген ұтымды пікірі септік жалғауларының қолданыстық ерекшелігін тереңнен тануға итермелейді. Ғалым әр септіктің жекелеген қолданыстық мағынасын есептеп шығарып, әр жалғаудың 1-ден 22-ге дейінгі қолданыстық мағынасы болатынын дәлелдеген: атау септігі – 1 тік мағыналы; ілік септігі – 2 тік мағыналы; барыс септігі – 17 мағыналы (8 – тік, 9 – көлденең); табыс септігі – 7 мағыналы (3 – тік, 4 – көлденең); жатыс септігі – 6 мағыналы (2 – тік; 4 – көлденең); шығыс септігі – 22 мағыналы (13 – тік; 9 – көлденең); көмектес (құралды) септік – 6 мағыналы (2 – тік, 4 – көлденең мағына) [7, 235-б.]. Септік жалғауларының көптік, тәуелдік, жіктік жалғаудан ерекшелігі – ортақ грамматикалық мағынасының болмайтыны. Осыған байланысты Септік категориясын құрауда септік жалғаулары грамматикалық мағыналарымен емес, ортақ (парадигмалық) байланыстыру қызметімен ерекшеленеді. Бірақ олардың байланыстыру қызметінен тыс жалпы сөзжасамдық, оның ішінде аталымдық және қолданыстық ерекшеліктері

талдаудан көрінді. Олардың аталымдық қызметі нөлдік тұлғамен көрінеді. Нөлдік тұлға синтаксистік, жалпы иелік дерексіздік, жалпы иелік қатыстық, жалпы атаулық, жалпы қимылдық, ықшамдап жинақтау қызметін білдіріп, сол арқылы түрлі стильдік ерекшелік те көрініс береді.

Қорытынды

Сонымен аталымдық қызмет қарым-қатынастық және танымдық қызметпен тығыз байланысты болады, атау танымда, ақпаратта қажетті аралық қолданыс болып табылады. Қазақ тілінде сөздердің туындауы, аталым жасалуы сөзжасамдық жұрнақтарға тән деп есептеу басым. Сөзжасамдық жұрнақтар екіншілік туынды сөз жасауымен сөздік қорды байытып, жеке реестрлік лексема береді. Ал жалғаулар, оның ішінде септік жалғаулар қолданыстық (қызметтік) мағыналарымен жиі танылады. Олардың қызметтік ерекшелігінің бірі – нөлдік тұлғада қолданылуы. Осыдан септік бірліктерінің астарлы қызметі туындайды. Мақалалық тақырыпты қарастыру нәтижесінде септіктердің нөлдік тұлғалық қолданысынан сөзжасамдық, аталымдық, мәні танылды. Атау, ілік, табыс, шығыс септіктеріндегі сөздер нөлдік тұлғада келгенде, аталым жасауға негіз болады. Атау септігі дара аталым берсе, ілік, табыс, шығыс септіктердің нөлдік сипаты тіркесті күрделі аталым жасайды. Барыс, жатыс, шығыс септігіне сөзді сөйлем ішінде «адвербиаландыру» тән, бұл ерекшелік олардың кеңістікке қатысты сұрақты иеленуіне байланысты болса керек. Бұл ерекшелік те септіктердің сөзжасамдық қызметін білдіреді. Сонымен қатар жатыс пен көмектес септік сабақтас құрмалас сөйлем түрін жасайды. Бұл мәселе синтаксисте құрмаластың жасалу жолы деп қаралады. Морфологиялық құрылымда аталған екі септіктің сөйлем құрау ерекшелігін «сөзжасамдық қызмет» деп қарауға болады. Мақала тақырыбының сөзжасам теориясын толықтыруда өзіндік мәні бар; ал тәжірибелік тұрғыдан алғанда, қарастырылған мәселе басқа тілдік бірліктердің жасырын қызметтік сипатын ашуға бағыт береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Оралбай, Н.** Қазақ тілінің сөзжасамы [Мәтін]. – Алматы, 2001. – 192-б.
- 2 **Салқынбай, А.** Қазіргі қазақ тілі [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2008. – 340-б.
- 3 **Бухорова, М. Х.** Номинативная функция языка и ее функционирование в речи // Вопросы науки и образования. – 2020. – №1. – С. 60–64. [Электронный ресурс]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/nominativnaya-funktsiya-yazyka-i-ee-funktsionirovanie-v-rechi>
- 4 **Исаев, С.** Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 1998. – 304-б.

- 5 **Байтұрсынұлы, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Абзал-ай, 2013. – 640-б.
- 6 **Маманов, Ы.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2007. – 488-б.
- 7 **Аманжолов, С.** Қазақ тілі теориясының негіздері [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 2002. – 368-б.
- 8 **Faiza, Z.** Nominative and Accusative Cases in English and Urdu: A Comparative Study//Pakistan Journal of Humanities and Social Sciences. – 2019. Vol. 7. – № 4. – 365–377 p.
- 9 **Тумашевич, М. М.** Проблемы теории номинации [Текст]// Идеи. Поиски. Решения: сборник статей и тезисов XV Международной научно-практической конференции преподавателей, аспирантов, магистрантов, студентов. Т.1 – Минск : БГУ, 2021. – С. 144–150.
- 10 **Жаналина, Л. Қ.** Две формы речевой деятельности: соотношение номинации и коммуникации //Вестник Кемеровского государственного университета. – 2015. – №4(64). – С. 74-79. [Электронный ресурс]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/dve-formy-rechevoy-deyatelnosti-sootnoshenie-nominatsii-i-kommunikatsii/viewer>
- 11 **Қасым, Б.** Күрделі аталым жасалымы : когнитивті-дискурстық ұстаным [Мәтін]. – Алматы : «ЖК А. В.Волкова», 2010. – 383-б.
- 12 **Лакофф, Дж., Джонсон, М.** Метафоры, которыми мы живем. Перевод с англ. / Под ред. А.Н. Баранова. – М. : Едиториал УРСС, 2004. – 256 с.

REFERENCES

- 1 **Oralбай, N.** Qazaq tiliniñ sózjasamy [Word formation of the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 2001 – 192 p.
- 2 **Salqynbai, A.** Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language] [Text]. – Almaty : Qazaq úniversiteti, 2008. – 340 p.
- 3 **Buxorova, M. X.** Nominativnaya funkciya yazý'ka i ee funkcionirovanie v rechi [The nominative function of language and its functioning in speech] [Text]. In Voprosy' nauki i obrazovaniya. – 2020. – №1. – 60–64 p. [Electronic resource]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/nominativnaya-funktsiya-yazyka-i-ee-funktsionirovanie-v-rechi>
- 4 **Isaev, S.** Qazirgi qazaq tilindegi sózderdiñ gramatikalyq sıpaty [Text]. – Almaty: Raýan, 1998. – 304 p.
- 5 **Baitursynuly, A.** Qazaq til biliminiñ máseleleri [Problems of Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty : Abzal-ai. 2013. – 640 p.
- 6 **Mamanov, Y.** Qazaq til biliminiñ máseleleri [Problems of Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty : Arys, 2007. – 488 p.

7 **Amanjолоv, S.** Qazaq tili teoriasynyń negizderi [Fundamentals of the theory of the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Gylym, 2002. – 368 p.

8 **Faiza, Z.** Nominative and Accusative Cases in English and Urdu: A Comparative Study//Pakistan Journal of Humanities and Social Sciences. – 2019, Vol. 7. – №4. – 365-377-p.

9 **Tumashevich, M. M.** Problemy` teorii nominacii [Problems of nomination theory] [Text] In Idei. Poiski. Resheniya: sbornik statej i tezisov XV Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii prepodavatelej, aspirantov, magistrantov, studentov. T.1 – Minsk : BGU, 2021. 144–150 p.

10 **Zhanalina, L. K.** Dve formy` rechevoj deyatelnosti: sootnoshenie nominacii i kommunikacii [Forms of speech activity: the relationship between nomination and communication]. In Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2015. – №4 (64). – P. 74-79. [Electronic resource]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/dve-formy-rechevoj-deyatelnosti-sootno-shenie-nominatsii-i-kommunikatsii>

11 **Qasym, B.** Kúrdeli atalyń jasalymy: kognitivti-diskurstyq ústanym [Complex title construction: the cognitive-discursive stance] [Text]. – Almaty : «JK A.V. Volkova», 2010. – 383 p.

12 **Lakoff, G. & Dzhonson, M.** Metaforý, kotorymi my zhivem [Metaphors We Live By] [Text]. Pervod s angliyskogo. Pod red. A. N. Baranova. – Mosccow : Editorial URSS, 2004. – 256 p.

20.06.25 ж. баспаға түсті.

07.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Ы. Б. Шакаман*

Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 20.06.25.

Поступило с исправлениями 07.10.25.

Принято в печать 16.02.26.

СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ И НОМИНАТИВНАЯ ФУНКЦИИ ПАДЕЖНЫХ ОКОНЧАНИЙ

В статье рассматриваются словообразовательные особенности, номинативные функции падежных окончаний казахского языка. Окончания в том числе падежные окончания казахского языка изучались и изучаются в исследованиях как формобразующие,

связывающие единицы. Несмотря на то, что в грамматике подробно рассматривается и иная синтаксическая функция падежных окончаний, их словообразовательная, номинативная функции имеют узкую область изучения. Также рассматривается, что возникновение контекстных, функциональных грамматических значений падежных окончаний зависит от слова, к которому они присоединяются. Из различных особенностей употребления падежных единиц определена их словообразовательная функция, номинативное значение. Определяется, что нулевая форма падежных окончаний является основой номинативности, т.е. сделан вывод о том, что из их нулевого употребления происходят номинативные словосочетания. Это было определено в падежах атау, ілік, табыс, шығыс. Из-за падежных форм, не употребляемая или редко употребляемая в нулевой форме, проявляется сложноподчиненная форма предложения казахского языка, это характерно для падежей жаттыс и көмектес. Также в статье выясняется, что с помощью двух падежей (барыс, шығыс), превращение в фактическое наречие происходит от древних слов. Тема статьи имеет свое значение в дополнении к теории словообразования; а с практической точки зрения рассматриваемая проблема позволяет раскрыть скрытую функцию других языковых единиц.

Ключевые слова: падежи, функциональное значение, нулевая форма, словообразовательная функция, номинатив.

**Y. B. Shakaman*

Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 20.06.25.

Received in revised form 07.10.25.

Accepted for publication 16.02.26.

WORD-FORMATION AND NOMINATIVE FUNCTIONS OF CASE ENDINGS

The article discusses the word-formation, nominative features of the case endings of the Kazakh language. The endings, including the page endings of the Kazakh language, have been studied and are being studied in research as formative, connecting units. Despite the fact that grammar examines in detail another syntactic function of case endings, their word-formation, nominative function has a narrow field of study. It is also considered that the occurrence of additional grammatical meanings

of case endings depends on the word to which they are attached. Of the various features of the use of case units, their word-formation function and nominative meaning are determined. It is determined that the zero form of the page endings is the basis of nominality. It is concluded that nominative complex phrases originate from their zero use. This was determined in the cases of Atau, Ilik, Tabys, Shygys. Case forms that are not used or rarely used in the null person make it possible to compose a complex sentence form of the Kazakh language. It was clarified that this is typical for Zhatys and Komektes septik. The article also reveals that with the help of two cases (Barys, Shygys), the transformation into an actual adverb comes from ancient words. The topic of the article has its own meaning in complementing the theory of Word formation; and from a practical point of view, the problem under consideration allows us to reveal the hidden activities of other language units.

Keywords: cases, functional meaning, null form, word-formation function, nominative.

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz